

ЕУРАЗИЯ ОРТАЛЫҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҚАЗАҚСТАН БЕС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІК ДӘЛІЗІ БОЙЫНША ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТТІК ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ. АЛ ДАМЫҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ҚОЛДА БАР ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЕЛДІҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРҒАҚ ПОРТТАРДАН БАСТАП, БАТЫСТАҒЫ ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫНА ДЕЙІНГІ ТЕРМИНАЛ ЖЕЛІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ СПЕКТРІН ҰСЫНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Нұржан КЕЛБҰҒАНОВ,  
ҚР көлік министрлігі теміржол және су көлігі комитеті  
төрағасының орынбасары



№95 (3025)  
08/11/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### УКРЕПЛЕНИЕ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА

В рамках государственного визита Президента РК Касым-Жомарта Токаева в Париж было подписано соглашение о стратегическом сотрудничестве по шестиосным электровозам между АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и компанией Alstom Transport SA.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Так, ҚТЖ и Alstom подписали Соглашение о производстве на электровозоборочном заводе в Астане и поставку нового типа грузовых магистральных электровозов с асинхронными тяговыми двигателями – KZ6A. Эта модель отвечает потребностям развития грузовых перевозок и придет на замену устаревшим локомотивам ВЛ-80 образца 1980 года. Новый тип электровоза дешевле на 40%, более экономичен, позволяет снизить потребление энергии на 20%.

Кроме того, по соглашению сторон начато создание центра компетенций в Астане по развитию и внедрению современных технологий управления перевозочным процессом, обеспечивающих высокий уровень безопасности движения поездов.

АО «НК «Қазақстан темір жолы», ТОО «Электровозоборочный завод» и Alstom договорились о поставке 117 грузовых электровозов до 2028 года.

Мощные грузовые электровозы способны



перевозить грузы массой до 9 000 тонн.

Гарантом сделки выступит экспортно-кредитное агентство министерства финансов Франции BPI France. Французский банк Société Générale предоставит на приобретение локомотивов льготное финансирование по низким ставкам.

Отмечено, что обновление парка ҚТЖ положительно отразится на перевозочном процессе.

Кроме того, в Париже Глава государства принял президента компании СМА CGM Родольфа Сааде. Основной акцент на встрече был сделан на развитии транспортно-логистического комплекса Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что наша

страна благодаря географическому расположению играет ключевую роль в развитии транзитных маршрутов Восток – Запад, Север – Юг. С целью наращивания объемов грузоперевозок продолжается активная работа по привлечению инвестиций с крупнейшими мировыми компаниями.

На встрече особое внимание было уделено взаимодействию в рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута, привлечению инвестиций в логистическую инфраструктуру Актауского морского порта, а также строительству контейнерных судов для портов в Каспийском море.

Фото с сайта Akorda.kz

### РЕКОРДНАЯ ПОГРУЗКА

Исторический рекорд погрузки продуктов перемолта за последние пять лет достигнут в АО «НК «ҚТЖ».

За 10 месяцев 2024 года перевозки продуктов перемолта составили 2,9 миллиона тонн с ростом на 11% к периоду прошлого года, что превысило годовые показатели последних пяти лет.

Абсолютным лидером по переработке зерна и отгрузке муки стал Костанайский регион с долей 50% от общей погрузки, второе место занимает Акмолинская область – 17%.

При этом за сентябрь и октябрь перевезено более 0,5 миллиона тонн продуктов перемолта зерна нового урожая. Основными направлениями являются страны Центральной Азии, лидерами импорта казахстанской муки стали Афганистан – 788 тысяч тонн, Узбекистан – 454 тысячи тонн, Таджикистан – 57 тысяч тонн, Туркменистан – 28 тысяч тонн и Кыргызстан – 23 тысячи тонн.

Китайский рынок также показывает положительную динамику, перевалив отметку 0,5 миллиона тонн за 10 месяцев, что выше показателей аналогичного периода прошлого года на 48%.



Для обеспечения контроля перевозок зерновых грузов и решения возникающих вопросов в АО «НК «ҚТЖ» и регионах функционируют оперативные штабы по перевозке зерна и продуктов перемолта. Парк крытых вагонов на эти нужды составляет более 15 тысяч вагонов, что полностью покрывает потребность.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА, Астана  
Фото Александра ЖАБЧУКА

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

НА СЕГОДНЯ В КАЗАХСТАНЕ В ОБЛАСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО МАШИНОСТРОЕНИЯ ПРОИЗВЕДЕНО ПРОДУКЦИИ НА СУММУ

423 МЛРД ТЕНГЕ.

ОКОЛО

140

ЛОКОМОТИВОВ ПОСТАВИТ WABTES ТОО «ҚТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ДО КОНЦА 2027 ГОДА.

С НАЧАЛА 2024 ГОДА ПАРК АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ОБНОВИЛСЯ НА

814

ПОЛУВАГОНОВ.

### Жоба

## БАС ИНВЕСТОР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Теміржол саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырылып, жүзеге асыру көзделген ауқымды жобалардың бірі Бақты-Аягөз телімінің құрылысы жыл аяғына дейін қарқын алады деп күтілуде.

Абай ЕРТІС,  
Семей

Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын 20 млн тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік беретін бірегей жоба деп бағаланып отырған теміржол құрылысының ұзындығы 272 шақырымды құрайды. Жеке инвесторлар есебінен жүргізілетін құрылыстың қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздемесі дайын, барлық қажетті рәсімдер аяқталған. Семей ЖТ бөлімшесі басшылығы облыстық әкімдікпен бірлесіп жол салынатын аумақты бірнеше мәрте жүріп өтіп, бірқатар мәселелерді пысықтады. Жер рельефі өте күрделі болуына

байланысты жол тартылатын жерлер бірнеше рет өзгерді. Жол төселетін жер телімдері бүгінде резервке қойылды. Сонымен қатар қайта рәсімдеуге және сатуға мораторий жарияланды. Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев жуырда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында құрылыстың бас инвесторын таныстырды. Global Trans Company компаниясы құрылыс жұмыстарын таяу арада қарқынды жүргізе бастамақ. Ал телімнің аяқталу мерзімі – 2027 жыл. Жалпы құны шамамен 577,5 млрд теңге болып отыр. Құрылыс кезінде жұмысқа 1700-ге жуық адам тартылады

деп болжанып отыр. Қазірдің өзінде шамамен 318 адам тартылған. Олар негізінен инженерлік құрам. Ал көпшілік жұмыстарға негізінен жергілікті тұрғындар тартылатын болады. Бұл орайда облыстық әкімдік, инвестор және ұлттық компания арасында тиісті уағдаластық бар.

Құрылыс барысында 11 станция, 47 көпір, 23 теміржол және 8 автомобиль өткелі, 5 жаяу жүргіншілер көпірі, 16 бақылау құрылыстары салынады. Осы мақсатта отандық өндірушілерден 500 мың бірліктен астам шпал және 36 мың рельс сатып алу жоспарлануда. Жергілікті қамту кем дегенде 85 пайыз болады деп күтілуде.



Оразғали АХМЕТБАЕВ,  
председатель ООО «Казпротранс»:



ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФСОЮЗ ВОШЕЛ В СОСТАВ МЕЖДУНАРОДНОЙ ФЕДЕРАЦИИ ТРАНСПОРТНИКОВ (ITF, МФТ) В 2016 ГОДУ. ЗА ЭТОТ ПЕРИОД ПРОВЕДЕНЫ ВСТРЕЧИ И СЕМИНАРЫ С ПРОФСОЮЗАМИ РАБОТНИКОВ ТРАНСПОРТА ГЕРМАНИИ, ШВЕЦИИ, ФИЛАНДИИ И ДРУГИХ ГОСУДАРСТВ. МЫ ПОЛУЧИЛИ ВОЗМОЖНОСТЬ ОБМЕНИВАТЬСЯ ОПЫТОМ С ЗАРУБЕЖНЫМИ КОЛЛЕГАМИ, РАСШИРИТЬ РАБОТУ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ТРУДЯЩИХСЯ, А ТАКЖЕ ПО СОЦИАЛЬНОМУ ПАРТНЕРСТВУ И РАЗВИТИЮ ПРОФСОЮЗНОГО ДВИЖЕНИЯ



### ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР



Теміржол вокзалдары магистральдың маңызды бөлігі және көлікпен тасымалдау тораптары бола отырып, әртүрлі көлік түрлерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді. «Магистраль-Live» сараптама алаңында «Вокзал шаруашылығы: әлеуметтік қамсыздандыру және стратегиялық даму» тақырыбы талқыланды.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Вокзалдар қызметі қауіпсіздік, жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасап, сервис құру және қолжетімді көлік ағынын қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен байланысты. Әлеуметтік маңызы бар нысандар аптаның жеті күні 24 сағат жұмыс істейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы филиалының вокзал шаруашылығы жөніндегі атқарушы директоры Жұбан Көрпебаевтың айтуынша, бүгінде

Қазақстанда 301 вокзал бар. Ал күн сайын Қазақстан темір жолдарымен 139 жұп жолаушылар пойызы өтеді. 59 вокзал кластарға жіктеледі және тиісінше қауіпсіздікті, оның ішінде терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарға сай келеді.

– Мәселен, бірінші класты және кластан тыс 14 вокзал бар. Екінші-үшінші класты вокзалдарда заңнамаға сәйкес тексеру рәсімдері жүргізілмейді. Алайда, бұл вокзалдар бейнебақылау, өрт дабылы жүйелерімен

жарақтандырылған. Жалпы, биыл қазан айындағы жағдай бойынша тексеру қызметтері 200-ден астам тыйым салынған заттарды алып өту әрекетін анықтады. Дегенмен мұндай жағдайлардың төмендеу үрдісі байқалады, – деп атап өтті ол.

Көрпебаевтың айтуынша, компания ҚР ПМ-мен бірлесіп, тиісті алгоритмдері бар «Ақылды камераларды» орнату мәселесін пысықтауда, мысалы бір жерде бірнеше адамның нысаналуы, несіз қалған заттар және т. б. Бүгінде бұл жоба ірі вокзалдарда

пилоттық режимде іске асырылуда. Сонымен қатар бүгінгі таңда 7 вокзал әкімдіктердің қарамағында, олар – Алматы-1, Алматы-2, Шымкент, Түркістан, Павлодар, Екібастұз және Ақсу вокзалдары. Бұл ретте жолаушыларды қабылдау және жөнелту, вокзал бойынша кезекшілер, анықтамалық қызметтердің жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға жатады. Осы объектілердің ғимараттарын күтіп ұстау және пайдалану жауапкершілігі қала әкімдіктерінің құзырында.

Сондай-ақ компания бүгінде сауда алаңдарын жеке павильондарға бөлу мәселесін қарастыруда. Жақын болашақта жоспарланған жұмыстар қатарында Астана-1 вокзалын күрделі жөндеу, Шу вокзалында да бірқатар жұмыстар жүргізу бар. Қысқасы, саланың әлеуметтік объектілері болып саналатын, сондай-ақ негізгі стратегиялық рөл атқаратын теміржол вокзалдарының дамуына үнемі басты аудартылып, оның қызметі басты назарда болады.

### ВТОРАЯ ЖИЗНЬ ВАГОНОВ

Впервые в текущем году филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» совместно с подрядными ремонтными организациями приступили к ремонту парка пассажирских вагонов, ранее выведенных из эксплуатации по сроку службы. Теперь они используются как турные вагоны для обеспечения необходимых условий жизни работников.

Данные вагоны после капитального ремонта и внутреннего переоборудования переводятся в категорию специального подвижного состава. Они включают в себя место для проживания, помещение для готовки и приема пищи, для стирки и сушки одежды, а также душевые комнаты, биотуалеты и мастерские. Таким образом разработан качественно новый подход к улучшению бытовых условий железнодорожников. К слову, каждый работник филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» на своем рабочем месте не только полностью одет и обут, но и оснащен необходимыми инструментами и бытовыми условиями. Тем самым соблюдаются безопасность труда и защита их трудовых прав.

В качестве примера успешного завершения такой работы является вагон, отремонтированный ТОО «БЛВРД», который полностью соответствует санитарным и пожарным нормам. Планируется, что новые вагоны будут использоваться для доставки и проживания работников, задействованных в полевой кампании.

До конца года Дирекция магистральной сети планирует завершить ремонт еще 17 вагонов.

Руслан РАХМЕТОВ  
Фото автора





№95 (3025) 08/11/2024

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК СЫНҒА ТҮСТІ

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Ақтөбедегі теміржол колледжінде республикалық кәсіби шеберлік сайысы өтті. Оған еліміздегі теміржол саласына мамандар дайындайтын оқу орындарының ұстаздары қатысты.



Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжіне өткен шара екі күнге жалғасты. Өзара әріптестік байланыс орнатып, техникалық және кәсіптік білім беру шеберлігімен бөліскен ұстаздар тәжірибелік сабақтар да өткізді.

Шараға Ақмола, Қарағанды, Алматы, Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, Шымкент, Түркістан, Маңғыстау, Атырау, Жезқазған, Тараз облыстарынан 31 арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері келді. Олар автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару, теміржол көлігінің көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен механизмдерін техникалық пайдалану, темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы, теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару мамандықтары бойынша практикалық дайындықтарын көрсетті.

«Өтіп жатқан шара теміржолшы мамандығының дәрежесін көтеріп, мерейін арттыруға ықпал етеді. Шеберлік байқау тәжірибелік негізде өтті. 1300 студент білім алатын біздің колледжді жылына 300 түлек бітіреді. Бәріне мемлекеттік грант бөлінген. Сондықтан жұмыспен қамту жоғары деңгейде», – деді колледж директорының орынбасары Марат Рамазанов.

Байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар марапатталып, ұстаздар қауымы мұндай шараның білім беру деңгейін арттыратынын жеткізді.

Суретті түсірген автор

КҮЗДЕ ДЕ ЖАЛҒАСУДА

Ардақ ҮСЕЙНОВА, Жамбыл

Көктемде басталған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы күзгі тазалық айлығында қарқын ала түсті.

Жыл бойы жалғасып келе жатқан экоакцияға белсенді қатысып жатқандар қатарында Теміржол көлігі персоналдың бағалау және дамыту орталығының ұжымы өткен сенбіде аулада тазалық жұмыстарын жүргізіп, жаңадан тал көшеттерін отырғызды.

Елімізде жастар ресурстық орталықтары мен қоғамдық ұйымдардың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өтіп жатқаны белгілі. Орталық директоры Лашыңқұл Күзержабаева бастаған біздің қызметкерлер де жаз бойы акцияға үн қосып, міне қыстың алдында тағы бір рет тазалық жұмыстарын жүргізіп, тал-дарактарды дайындадық, – дейді орталықтағы кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлжан Ақназарова.

Жалпы бүгінге дейін экономикаға Жамбыл облысының 800 мыңнан астам тұрғыны қатысқан. Қалалар мен аудандарды, елді мекендерді тұтас қамтыған тазалық акциясында саябақтар мен көшелер тазартылып, жүздеген ағаш көшеттері отырғызылды.

Суретті түсірген автор



ОҢТАЙЛЫ КАДР САЯСАТЫ – ТАБЫСТЫЛЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ – жүз мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған ірі жұмыс беруші компания. Осындай үлкен компанияда персоналды тиімді басқару қалай ұйымдастырылуда, оңтайлы кадр саясатын жүргізу және іске асыру, т.б. сауалдармен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры Әлихан Қыраубаевты әңгімеге тарттық.

– Әлихан мырза, оңтайлы кадр саясатын жүргізу компанияның басым бағыттарының бірі болса керек. Десек те, саладағы технологиялық жақтандыруға байланысты персонал санын оңтайландыру процесі жүріп жатқаны байқалады. Жалпы, бүгінде сала кадрлармен қаншалықты қамтамасыз етілген? Алдағы уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да жұмысшылар саны күрт төмендеуі мүмкін бе?

– «Іс тегінің кадр шешеді» деген қағида ешқашан ескірме емес, темір жолда еңбек етіп жатқан әр маманның өз орны мен міндеті бар. Сондықтан қызметкерлер – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның басты құндылығы және негізгі ресурсы. Ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның кадрлық әлеуетін дамыту стратегиясы – ұлттық компания қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін сенімді тетіктерді құруға бағытталған. Бұл – қолданыстағы трансформациялау бойынша ауқымды жоспарларды жүзеге асырып, мегажобаларды енгізіп жатқан қазіргі кезде өзекті. Әсіресе қозғалыс жетілдірудің сақтау, жаңа технологияларды әзірлеу, енгізу, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін дамыту және халықаралық көлік қызметтері нарығына қатысу жағдайында саланы қажетті білімі, дағдылары мен құзыреттері және оларды дамыту әлеуеті бар жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ете отырып, кепілдендірілген сандық және сапалық қамтамасыз ету шарттарын жетілдіруге қажет. Өйткені компанияның нәтижелері мен құны қызметкерлердің кәсібилігі мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейіне тікелей байланысты. Біз компания ретінде орқашан экономикалық тиімділікті, яғни рентабельділікті арттыруға ұмтыламыз. Әрине, динамикалық рентабельділік үшін белгілі бір шараларды орындау қажет. Осыған байланысты оңтайландыру процесі тұтастай алғанда жұмыс беруші ретінде еңбек қызметін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің нақты біліктілігін арттыруға, ұйымдық құрылымды жақсартуға, шығындарымызды азайтуға ықпал ететін ең жақсы шешімді іздеу болып табылады. Оңтайландыру кадрларды басқару жүйелерін едәуір жеңілдетуге және қызметтің көптеген басқару аспектілерін шешуге мүмкіндік береді. Компанияда персоналдарды түбегейлі оңтайландыру қарастырылмаған, бірақ оңтайландыру процесінің өзі жоғары рентабельділік көрсеткішіне жету жолының ажырамас бөлігі екенін ескергеніміз абзал.

– Темір жол – персоналдар үшін тартымды сала екені белгілі. Өткен жылы тартымды жұмыс берушілердің салалық рейтингінің қорытындысында ҚТЖ 3-орынға жайғасыпты. Бүгінгі таңда компанияға қандай мамандар қажет? Жалпы салада кадрлық жетіспеушілік сезіле ме?

– Еліміздің еңбек нарығында ең сұранысқа ие жұмыстар теміржолда. Біздің персоналдың негізгі бөлігін тікелей теміржол бойында жұмыс істейтін жол монтерлері, өткел кезекшілері, машинистер, диспетчерлер, пойыз құрастырушылар, жолсеріктер және тағы басқа мамандар құрайды. Инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуымен және ел ішінде де, халықаралық байланыстар шеңберінде де көлік дәліздерінің кеңеюімен теміржол саласының маңызы артып келеді. Осы жағдайда біз өндірістік мамандықтар бойынша кадрлар жетіспеушілігін сезініп отырмыз. Өз кезегінде компания жұмыс істеп жатқан қызметкерлерін ұстап тұру және жас мамандарды тарту үшін жалақыны көтеру, әлеуметтік кепілдіктер беру және еңбекке

қолайлы жағдай жасау, жоғары және орта оқу орындарымен өзара байланыс жасау арқылы бірқатар шаралар қабылдап отыр. Шын мәнінде, көлік бағытындағы білім, саланы білікті кадрлармен қамтамасыз етуге шешуші рөл атқаруы керек. Мұнда тек жоғары оқу орындары беретін біліммен тоқталып қалмау керек. Бүгінде жас ұрпақ жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алып, өзінің еңбек жолын таза кабинеттерде, компьютер жанында немесе жеткізу қызметінде жай ғана курьер болып бастауды көздейді. Еңбек жолын вагон қараушы, жол монтері, станция кезекшісі немесе қарапайым электрмонтер болып бастауға жоғары және орта оқу орындарын бітірген түлектердің зауқы жоқ. Оның үстіне, оқу орындарында алған білім әрдайым өндіріс процесінің шындықтарымен сәйкес келе бермейді.

– Демек, кадрларға сұраныс бар ғой. Бұл проблеманы шешудің қандай жолдары қарастырылуда?

– Кадр саясатын жүргізуде жаңа тәсілдерді іздеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін оқыту сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуге ықпал етті, оның шеңберінде теміржол саласы үшін мамандар даярлау мәселесі ерекше орын алады. Оқу орындарымен Өзара Іс-қимыл бойынша арнайы күнтізбелік жоспар бекітілді. Компания еліміздің 12 жоғары оқу орнымен және 13 колледжбен Ғылымдағы туралы 25 келісім жасалды. Біз студенттік отрядтардың жұмысын қайта жандандырдық. «Жазғы студенттік жасақтар» жобасының болашақ магистральлар арасында танымалдығы артып, сұранысқа ие болды. Мәселен, Алматы көлік колледжінің 56 студенті және М. Тынышбаев атындағы Шымкент көлік колледжінің 24 студенті жазғы кезеңде «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалына пойыз жолсеріктері болып жұмысқа орналастырылды. Логистика және көлік академиясының 18 студенті Алматы магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Достық станциясында жол монтерлерінің алғашқы еңбек дағдыларын игерді.

HR-қызметтер оқу орындары өткізетін түлектердің жәрмеңкелеріне қатысып тұрады, соның нәтижесінде Логистика және көлік академиясының 67 түлегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарына жұмысқа тұрды. Сонымен қатар Астана, Жезқазған, Шымкент, Алматы, Семей, Түркістан, Қонаев, Қостанай, Ақтөбе, Көкшетау, Тараз, Қарағанды, Ақтөбе, Соль-Илецк, Павлодар қалаларында кәсіптік бағдарланған жұмысқа ерекше көңіл бөлініп, мектептердің 9-11 сынып түлектерімен кездесулер өткізілді. 2650 оқушыға теміржол саласының даму бағыттары мен перспективалары, қызметкерлерді дамытудың кешенді бағдарламасы, компанияның әлеуметтік және жастар саясаты туралы ақпарат берілді.

Білім беру сапасын арттыру үшін 10 оқу орнынан 71 оқытушы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Оқу орталығында және өндірістік кәсіпорындарда біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Бейінді оқу орындарының 380 студентіне кәсіпорындарға бару, таңдап алған мамандықтары туралы толығырақ білу, Астана, Алматы, Қостанай және Қарағанды құрылымдық бөлімшелерінде «Ашық есік күні» шеңберінде еңбек ұжымымен және негізгі өндірістік процестермен танысу мүмкіндігі берілді.

Сондай-ақ ұлттық компанияның кәсіпорындарында өндірістік практика кезеңінде алғашқы өндірістік дағдылар алу және таңдалған мамандықтың негіздерін игеру мүмкіндігі бар. Быыл бұл мүмкіндікті 13 оқу орнынан 1542 студент пайдаланды. Тағы бір атап өтерілі, жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ конкурстық іріктеу өткізіп, студенттерге

Басқарма төрағасының атаулы стипендиясын және «Магистраль» бағдарламасы бойынша білім беру грантын ұсынып келеді. Бұл мүмкіндік 65 студентке бұйырды, осы оқу жылына 7 студентке Атаулы стипендия, 58 «Магистраль» білім беру гранты берілді.

– Жоғарыда ҚТЖ персоналды ұстап тұруға және білімді мамандарды тартуға ерекше мән беріп отырғанын айттыңыз. Осы арада кадрлық және әлеуметтік бағыттағы маңызды жобаларға, олардың нәтижелеріне тоқталсаңыз.

– Шын мәнінде «Қазақстан темір жолы» соңғы жылдары кадрлық және әлеуметтік саясатты жақсарту бойынша белсенді жұмыс атқарып келеді. Өткен жылы біз 2023-2028 жылдарға арналған жаңа кадр саясатын бекіттік. Оны іске асыру шеңберінде 2023 жылы еңбекке түлеу жүйесін, қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды, корпоративтік оқыту жүйесін, корпоративтік мәдениет пен ESG-практикаларды, өндірістік қатынастарды, HR-функцияларды, HR-процестерді автоматтандыру мен цифрландыруды дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Соның үш жалақыны көтеруден басқа, біздің назарымыз қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға бағытталды. Осылайша, Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты 2023 жылғы желтоқсанда 2024-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылып, бекітілді. Онда көп ізгіліктер бар. Мәселен, жаңа құжатқа қолданыстағы әлеуметтік жеңілдіктер мөлшерін 20 млрд теңгеден 25 млрд теңгеге дейін ұлғайту, ал атаулы күндерге материалдық көмекті 20-дан 50%-ға дейін төлеу қарастырылған. Мысалы, шағын станцияларда жұмыс істеуге барған жас мамандарға берілетін материалдық көмек 25-тен 40 АЕК-ке дейін, бала тууға байланысты 30-дан 40 АЕК-ке дейін, некені тіркеу – 15-тен 30-АЕК-ке дейін, т.т. ұлғайтылған.

Бұдан басқа, машинист-нұсқаушыларды, қозғалыс қауіпсіздігі ревизорларын, жол және вагон шаруашылықтарын дамытудың корпоративтік бағдарламалары, еңбек қауіпсіздігі мәдениеті курсы және т. б. ұйымдастырылды. «Білім Экспресс» жобасы аясында ішкі жаттықтырушылар күшімен барлық өңірлерде желілік деңгейдегі қызметкерлерге көпшілі оқу ұйымдастырылды. Сондай-ақ Республика күні қарсаңында әр қызметкер мен ұжымның бағалауға арналған жаңартылған марапаттау жүйесі ұсынылды. Біздің марапаттар жүйесі жаңа белгілер және медальдармен толығырақ. Алғаш рет өзінің мәртебесі бойынша «Құрметті теміржолшы» белгісімен бір деңгейдегі корпоративтік марапат «Теміржол Данды» енгізілді.

Біз әр мамандықтың маңыздылығын ескеретін жүйе құруға тырыстық. Сондықтан барлық шаруашылықтар мен бөлімшелерде өздерінің бірегей марапаттары енгізілді. Жаңа марапаттау жүйесі бірнеше негізгі мақсаттарды көздейді. Біріншіден, біз әр жұмысшының өз еңбегінің бааланатынын білгенін қалаймыз. Екіншіден, біз жоғары нәтижелерге және кәсіби есуге ұмтылуды ынталандырамыз келеді. Үшіншіден, біз корпоративтік мәдениетімізді нығайтып, бірлік пен ортақ іске қатысушылық сезімін қалыптастырымыз келеді.

Жүйенің тиімді және әділ жұмыс істеуі үшін әр қызметкерге жеткізілетін ашық іріктеу критерийлері әзірленді. Жалпы, жаңа марапаттау жүйесін енгізу – бұл біздің компанияны дамытудағы маңызды қадам. Біз үздік қызметкерлер мен кәсіпорындар еңбегінің ерекше аталып өтіп, жетістіктері лайықты марапатқа ие болғанын қалаймыз.

– Өңірміңізге рахмет! Сұлғұл БАКЕСОВА Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖОСПАР МЕЖЕДЕН АСЫП ТҮР



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы он айда орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспардан асып түсіп, 103,5 пайызды құраған, ол – 11 152,2 мың тонна. Техникалық жоспарға сай 102,3%. Аймақтағы негізгі өндіріс ошақтарының қызметі мұнай өндірісімен байланысты болғандықтан, тасымалданатын жүк түрлері де негізінен мұнай өнімдері.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Өндірістік-техникалық бөлім инженері Нейла Матаеваның айтуынша, жүк тиеу тәулігіне 636 вагон, ал жүк түсіру 363 вагон болып, ДК бойынша 84,6, техжоспар бойынша 120,4%-ды құраған. Яғни барлығы негізгі 8 көрсеткіштің жетеуі жүз пайыздан асып орындалған. Орындалмаған

бір көрсеткіш жүк түсіру бойынша, себебі Атырау – Астрахань республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысын жүзеге асырушы «Қазавтожол» кәсіпорнының қаңтар айында 2024 жылға жүктерді тасымалдауға ақы төлеуге шарты болмауына байланысты болды. Қаңтар айында 1 мың 29 вагон түсіріліп, жоспардан 328 вагонға немесе 22 мың 582 тонна азайған (жоспар

– 1 мың 357 ваг. немесе 93 мың 633 тонна). Сондай-ақ биылғы 7 сәуірінде су тасқыны басталып, сәуір, мамыр, маусым айларында Атырау облысы бойынша төтенше жағдай жариялануына байланысты жүк түсіру процесі қиындағаны белгілі. Техникалық жоспарға сай пойыздың статистикалық салмағы 101,1%-ға орындалып, жоспарға сай 54,98 тонна орнына 55,61 тонна болды. Биылғы жүк тиеу



көлемі былтырғымен салыстырғанда 972 тоннаға артып отыр. Ал 1 жүк операциясына тұруға 21,34 сағат бөлінсе, ол 13,9 сағатта орындалған. Бөлімшеде қозғалыс қауіпсіздігін бұзу бойынша 1 оқиға, 4 оқиға оқиға, барлығы 5 жағдай тіркелген. Әрбір жағдай бойынша жедел талдау жүргізіліп, кінәлі қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылған. Дегенмен, өндірістік жаракаттануға жол берілмеген.

Аймақта жинақтайтын, шығаратын пойыздардың көбеюі, кейбір учаскелерде жылдамдықты сағатына 40 км-ге шектеу, технологиялық «толаскездің» берілуі, жолда мал-жанның жүруіне байланысты локомотивті шұғыл тежеу, метеорологиялық жағдайлар – қар мен жауынның көп болуына қарамастан орташа учаскелік және техникалық жылдамдық 102,9 пайызды құраған. Яғни өңірде

жыл сайын жүргізіліп жатқан темір жолды құрделі жөндеу жұмыстары нәтиже бере бастады дегуге болады.

Сонымен, он айдағы табыс көлемі жаман емес. Атырау бөлімшесі бойынша ірі жүк тиіп-жөнелтушілер, мұнай және мұнай өнімдерін, күкірт, газ жөнелтетін ірі компаниялардың жүк көлемі мол болды. Алдағы уақытта жүк тасымалы арта түседі деген болжам бар. Өйткені жүк жөнелтушілер 2025 жылы Қарабатан станциясына 2,5 млн полиэтилен, бутадиен сынды жүк жөнелтуді, сондай-ақ Ескене станциясынан 1,5 млн тонна газ жөнелтуді жоспарлап отыр. Бүгінде бөлімшеде жүк операциялары үшін 18 станция ашық, олардың бөріңде логистикамен айналысатын мамандар бар.

Суретті түсірген автор



## БЕСШОВНЫЙ ТРАНЗИТ ПО СЕВЕРНОМУ КОРИДОРУ



ЗАСЕДАНИЕ

**Запуск «Бесшовного транзита» грузов по Северному транспортному коридору планируется в Казахстане в первом квартале 2025 года.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Об этом сообщалось на заседании Консультативного комитета по транспорту и инфраструктуре Евразийской экономической комиссии.

Главной темой повестки стал переход на цифровые технологии для создания единого транспортного пространства в ЕАЭС.

Представители Казахстана презентовали проект «Бесшовный транзит» по упрощению грузоперевозок в регионе Центральной Азии, Транскаспийского маршрута и стран Закавказья, который реализуется при участии АО «НК «Қазақстан темір жолы» и Комитета государственных доходов Министерства финансов РК.

«Бесшовный транзит» запущен в мае этого года по маршруту Китай – Казахстан – Узбекистан (Южный транспортный коридор). Он позволяет в автомати-



ческом режиме осуществлять администрирование контейнерных перевозок железнодорожным транспортом из Китая в Центральную Азию и Европу через станцию Алтынколь на казахстанско-китайской границе.

Уже в начале 2025 года проект планируется запустить по маршруту Китай – Казахстан – Россия – Беларусь (Северный транспортный коридор).

Презентация вызвала большой интерес среди участников заседания. Представители профильных ведомств высказали пожелание разработчикам цифровой платформы провести оценку возможности масштабирования проекта на автомобильные перевозки в рамках ЕАЭС.

Кроме того, на мероприятии озвучили информацию о

реализации странами ЕАЭС положений Договора о ЕАЭС в части железнодорожного транспорта. Рассмотрены вопросы гармонизации законодательства, инфраструктурного развития, участия государств в многосторонних соглашениях о перевозках по международным транспортным коридорам, а также возможности привлечения третьих стран к реализации приоритетных интеграционных инфраструктурных проектов в сфере транспорта стран «пятерки».

Также члены Консультативного комитета отметили важность исполнения «Дорожной карты по реализации основных направлений и этапов реализации скоординированной (согласованной) транспортной политики в ЕАЭС на 2024-2026 годы». Министр ЕЭК Арзыбек Кожошев подчеркнул, что согласование дополнительных мероприятий «дорожной карты» необходимо провести до 1 февраля следующего года.

В завершение комитет одобрил проект изменений в Положение о Совете руководителей уполномоченных органов государств – членов ЕАЭС.

Фото с сайта [Еес.eaeunion.org](http://Еес.eaeunion.org)

## ДЛЯ ТОЧНОСТИ КООРДИНАЦИИ ПОЕЗДОВ



ТЕХНОЛОГИИ

**На станции Достык завершено масштабное технологическое «окно» по реконструкции путевого развития, в ходе которого внедрена современная система микропроцессорной централизации стрелок и светофоров «МПЦ-QZ».**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Мероприятие проведено в рамках строительства вторых путей на участке Достык – Мойынты. Привлечен 361 специалист – 86 железнодорожников хозяйства движения и 275 специалистов СЦБ и связи. Новая система позволяет автоматизировать управление движением, сократить время на переключение и повысить точность координации поездов, обеспечить безопасность движения и требуемую пропускную способность железнодорожных участков. Произведены работы по переносу устройств СЦБ и связи на новое рабочее место дежурного аппарата, установлены напольные устройства в новом

помещении ЭЦ и модульных зданий. Стоит отметить, что все работы выполнены досрочно: вместо запланированных 120 часов «окно» длилось 84.

На станции введены в действие 317 стрелок, 291 светофор, более 250 рельсовых цепей и 59 участков, оборудованных автоматической локомотивной сигнализацией, 37 приемопередаточных и 12 сортировочных путей. В системе «МПЦ-QZ» интегрированы функции автоматической блокировки, локомотивной сигнализации, сигнализации железнодорожных поездов, линейного пункта диспетчерской централизации. Она стала первой отечественной системой сигнализации, централизации и блокировки в Казахстане, обеспечивающей



высокий уровень надежности и безопасности на стратегическом направлении.

Благодаря модернизации путевого развития и установке «МПЦ-QZ» станция Достык теперь соответствует современным требованиям железнодорожной отрасли. Это улучшение позволит оптимизировать работу транспортного узла, сократить время обработки составов и повысить пропускную способность станции, что особенно важно в условиях растущего грузопотока.

Ветеран железнодорожной отрасли Калтай Самбетов высоко оценил результаты реконструкции на станции Достык, отметив профессионализм и слаженную работу всех, кто был причастен к проекту, отметил

важнейшее значение «МПЦ-QZ», который обеспечит переработку и перевозку транзитных грузов, а также увеличит пропуск до 60 пар поездов на приграничной станции Достык.

– Благодаря стараниям наших специалистов и четкой организации работы мы смогли завершить этот сложный этап реконструкции. Это улучшение станет залогом надежности и стабильности работы станции, а значит, и всего железнодорожного сообщения в регионе, – отметил заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нуржан Курманалиулы, выразив благодарность каждому, кто внес свой вклад в успешную реализацию проекта.

Фото автора

## ТЕМА, КАСАЮЩАЯСЯ ВСЕХ



СОВЕЩАНИЕ

**В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошло совещание Координационного совета по предупреждению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте.**



**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

Заседание Координационного совета по итогам работы за второй квартал 2024 года открыл главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин.

В начале своего выступления довел до всех руководителей станции, локомотивных и вагон-

ных депо информацию о случае травматизма, допущенного на станции Нур-Султан.

Также он представил информацию о проделанной работе по недопущению повторных нарушений в филиале ТОО «КТЖ – Акмолинское отделение ГП».

В ходе совещания было отмечено, что в соответствии с полученным телеграфным указанием в начале учебно-

го года в школах проведена профилактическая работа с учениками на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности».

В целом за прошедший период 2024 года руководителями станций, локомотивных депо по Акмолинскому отделению ГП проведено 142 беседы в учебных заведениях по ознакомлению с правилами безопасности при нахождении вблизи железнодорожных путей с охватом 3 621 учащегося.

Проведено 341 собрание с жителями отдельных пунктов о правилах нахождения на железнодорожных путях с охватом 1 897 человек.

Совместно с работниками линейных отделов полиции, военизированной охраной, отделением магистральной сети проведено 336 рейдов, а также разъяснительная работа с охватом 287 человек.

Фото автора

## ЗАСЛУГА ПРОСТЫХ ТРУЖЕНИКОВ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ИТОГИ

**Более двух миллионов тонн различных грузов отправили костанайские железнодорожники со станций региона по итогам октября.**



Как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев, в октябре работниками отделения погружено 34 877 вагонов (2 миллиона 287,9 тысячи тонн). В среднем в сутки отгружалось 1 125 вагонов (73,8 тысячи тонн). Так, руды железной погружено 14 047 вагонов, руды цветной – 9 498, строительных грузов – 200, огнеупоров – 415, а таких важных для Костанайского региона номенклатур, как зерно, погружено 4 905 вагонов (336,1 тысячи тонн). И продуктов перемола – 2 022 вагона (134 тысячи тонн).

– Наши железнодорожники, особенно те, кто работает в поле, прилагают немало усилий, постоянно совершенствуют свои профессиональные навыки. И это дает результат: по железной дороге постоянно идут самые разнообразные грузы в направлении Китая, стран Центральной Азии, а также Европы, – говорит Кенес Дюсекеев.

Фото автора

## ОСОБЫЙ КОНТРОЛЬ

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар



БЕЗОПАСНОСТЬ

**В Павлодарском отделении ГП проведена плановая проверка инспекции по безопасности труда и экологии.**

В ходе мероприятия особое внимание уделялось соблюдению требований НТД и НПА, инструкций по безопасности и охране труда, в том числе по ограждению производства работ, проведению маневровой работы, обеспечению работников специальной одеждой и спецобувью. Соответствие требованиям безопасности и охраны труда маршрута безопасного прохода работников к рабочим местам. На момент проверки первичные средства пожаротушения (огнетушители) на рабочих местах имелись.

Кроме того, в целях усиления профилактики производственного травматизма, улучшения безопасности труда работников в филиале проведен двухмесячник «Укрепление трудовой дисциплины – основа профилактики производственного травматизма!» с 15 августа по 11 октября. Рабочие места были обеспечены информационными аншлагами, в уголках по безопасности и охране труда под рубрикой «Это не должно повториться!» вывешены материалы по несчастным случаям с обстоятельствами и причинами, произошедшими по ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» за текущий период. Проведены внеплановые инструктажи с работниками. Руководством филиала проведены селективные совещания, на которых до каждого руководителя линейного подразделения доведены причины, задачи проводимого двухмесячника и подведены его итоги.

## ДЕЙСТВОВАТЬ БЕЗ ПРОМЕДЛЕНИЯ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



УЧЕНИЯ

**На станции Караганда-Сортировочная прошли учения с участием сотрудников филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» и ЧДС Карагандинской области.**



По словам начальника пожарной охраны Ануара Кумекова, на железнодорожном объекте были проведены действия по устранению утечки, установке водяных завесов путем распыления пены пожарным поездом на поверхность жидкого хлора, оказанию помощи пострадавшим, выявлению зоны возможного заражения и санитарной обработки личного состава и техники.

По легенде, чрезвычайная ситуация в ходе учений была полностью ликвидирована. Задействованные силы действовали слаженно, оперативно и профессионально. В мероприятии приняли участие сотрудники КТЖ, представители воинской части 52859 Министерства по чрезвычайным ситуациям, противопожарной службы, скорой помощи, центра медицины катастроф, департамента полиции, оперативно-спасательный отряд и департамент санитарно-эпидемиологического контроля в количестве 100 человек, к тому же было задействовано 20 единиц техники.

В заключительной части учения выявлены недоработки и проведена инструкция по их недопущению в очередных учениях.

Фото автора



№95 (3025) 08/11/2024

## ЗВЕЗДНАЯ КОМАНДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ

Молодые железнодорожники из команды «КТЖ. KZ» стали победителями КВН среди работников группы компаний АО «Самрук-Қазына». Тема благотворительного вечера КВН – «Лига рабочих леди и джентльменов». Большое достижение и гордость железнодорожников – по итогам игры команду пригласили в Лигу КВН.



Всего в игре веселых и находчивых участвовали 9 сильных команд: «Тау-Кен Самрук», сборная Казахтелеком «Байланыста», сборная QazaqGaz, сборная «Самрук-Энерго»: «Токи в шоке», сборная Samruk united, сборная «НАК», команда «Қазпошта», сборная Kegos «Мегаватт» и «КТЖ.KZ».

К слову, SK Әзіл Fest – это был не просто вечер смеха, а хорошая возможность каждому зрителю стать супергероем в реальной жизни. Ведь собранные на вечер средства направлены на благотворительность через фонд Samruk-Kazyna Trust.

По словам организаторов, в этом году все вырученные средства переданы на открытие инклюзивных кабинетов. Мероприятие состоялось в Государствен-

ном театре драмы и комедии им. Азербайджана Мамбетова. Каждый желающий смог внести свой вклад, пожертвовав любую сумму для реализации проекта.

Главной фишкой нынешней захватывающей игры КВН стало то, что она была посвящена представлению рабочих профессий как супергероев. Идея основана на знаменитом фильме «Лига выдающихся джентльменов».

Ребята доказали, что, несмотря на то что они трудятся в разных сферах, у них одна общая цель – развивать страну, обеспечивая ее безопасность и быть лучшими в своей профессии. При этом у каждого есть уникальные навыки и способности, характерные для их специальности, и они используют их для выполнения сложных задач. Таким образом, эта игра

КВН послужила повышению престижа рабочих профессий, показала превращение повседневных заданий рабочего в подвиг.

Сама игра состояла из нескольких этапов. Вначале было приветствие в формате фристайла – до пяти минут на каждую команду. Затем состоялся видеоконкурс, где команды демонстрировали заранее отснятый видеоматериал по основной теме КВН.

Следующий этап стал одним из самых зрелищных – биатлон (каждая команда по очереди озвучила по две репризы – текстовые шутки). Команда, чьи шутки оказались наименее смешными, выбывала.

– Это была уникальная возможность увидеть, как железнодорожники, энергетики, нефтяники, газовики и другие профессионалы

объединяются на одной сцене, чтобы продемонстрировать свои остроумие и креативность. Также в рамках мероприятия был призван поддержать экологическую акцию «Таза Қазақстан» и таким образом проявить любовь к родной земле. Мне понравилось все, особенно шутки команды КТЖ. Я теперь смотрю на железнодорожников другими глазами, очень уважаю их нелегкий труд, – рассказал зритель Асет Сармурзаев.

Звездное жюри SK Әзіл Fest также по достоинству оценило шутки и юмор участников, и особенно железнодорожников. Все судьи – лучшие представители мира творчества, комедии и шоу-бизнеса. Они оценивали команды, используя свой опыт и профессионализм, чтобы выбрать лучших.

Отмечено, в команде «КТЖ. KZ» каждый из участников харизматичен и очень талантлив не только на сцене, но и в работе. Капитан команды Бейімбет Улазбек работает на вокзале «Нұрлы жол», Дархан Әнуаров – в РЦУП Актобе, Абзал Атапкелов – РФ Западный, Ержан Ниязкулов – НОД Мангистау, Азамат Абибулла – ДС Мангистау, Жаркын Калибеков – ТЧӨ Оскемен, Әнуар Тажихан – ТЧӨ Караганды, Нурсултан Алданазаров – ТЧӨ Екібастуз, Едіге Маханов – ВЧД Астана.

Асель ШАЙХИНОВА  
Фото автора

## ТІЛ КЛУБЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Компанияның Мемлекеттік тілді дамыту секторының Қазақ тілінде сөйлеу клубы кезекті отырысын өткізді. Танымдық сайысқа негізделген жиын туған жер, Отан тақырыбына арналды.



Қатысушылар белгілі қазақ ақын-жазушыларының туған жер туралы өлеңдерін жатқа оқыды. Іс-шара әрі қарай «Жасырын сөзді тап» ойынымен жалғасты.

Бұл бір қызық ойын еді, қатысушылар ортаға шығып, үстел үстіндегі карточкадағы сөзді іштей оқып, ол сөздің мағынасын жасыру арқылы өзгелердің сол сөзді табуына көмектеседі. Сөзді дұрыс тапқан адам карточканы өзіне алып, ойынды жалғастырады. Кім көбірек карта жинаса, сол жеңеді.

«KaHoob» дидактикалық ойыны да қызықты өтті. Қатысушылар ұялы телефондары арқылы осы ойынның сайтына кіріп, есімін жазады және қойылған сұрақтарға жылдам жауап беруге тырысады. Клуб отырысы одан әрі әңгіме құрастыру сай-

ысына ұласты. Ойын шарты бойынша берілген суреттерге қарап отырып, 5 минутта әңгіме құрастырғандар аз болмады.

– Клубтың мақсаты – компаниямыздың қазақ тілін үйренемін деген қызметкерлеріне көмектесу. Сонымен қатар оларды еркін, әрі жеңіл сөйлесуге үйрету, тілдік ортаны дамытып, күннен-күнге тілге деген қызығушылықтарын арттырып, өмірде пайдаланатын сөздерді оңай меңгеруге де септік етуді көздейміз, – дейді кешті жүргізген аталған сектордың бас менеджері Меруерт Ақбердиева.

Соңында барлық қатысушылар бірге «Мен қазақпын» әнін шыраққа және қазақша оюланған әдемі қобдиша сыйлықтарға ие болды.

Райхан РАХМЕТОВА  
Суретті түсірген автор

## ҚАМҚОРЛЫҚ АКЦИЯСЫН БАСТАДЫ

Семейлік теміржолшы жастар қайырымдылық акциясын бастады. Оның аясында аймақта тұратын әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен жалғызбасты қарттар қамқорлыққа алынуда.

«КТЖ» ҰК» АҚ-ның корпоративтік еріктісі жобасы бойынша Семей ЖТ бөлімшесінің Жастар ұйымы «Үлкенге қамқорлық» тақырыбын таңдаған болатын. Жалпы, бұл бағытта жас буын осыған дейін де талай жұмыстар жүргізген еді. Енді жыл соңында жаңаша қарқын алмақ. Жастар

бастамасына бөлімше директоры Алмас Сейсемқанов жан-жақты көмек көрсетуде.

Жуырда теміржолшы жастар жалғыз тұратын зейнеткерлерге арнайы барып, хал-жағдайларын біліп, азық-түлік себеттерін табыстады. Еріктілер әуелгі кезекте ұзақ жылдар бойы өңірдегі

теміржол саласында еңбек еткен ардагер Ағафья Борисенконың шаңырағына барып, көмек қолдарын созды.

– Мен жалғыз тұрамын, мен сияқты қамқөңіл қарттар қаншама. ҚТЖ еріктілері сынды мейірімді жастардың бар екеніне қуаныштымын. Аға ұрпақты ұмытпай қамқорлық көрсеткендері үшін рахмет. Осынау бастамаға жол ашқан басшылыққа да алғысымды білдіремін, – деді А.Лаврентьевна ризашылықпен. Бір бұл емес, жастар ұйы-

мының белсенділері қаладағы қарттар үйіне барып, таңырқандық жазумен осы үйде тұрақтаған аға буын теміржолшылардың да көңілін аулап қайтты. Олар үшін арнайы әзірленген азық-түлік пен қажетті гигиеналық құралдарын табыс етті.

Семей ЖТ бөлімшесі Жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанованың айтуынша, еріктілердің жыл аяғына дейін әлі де атқаратын жұмыстары көп, ал келер жылдың басында, қаңтар айында арнайы жоспар жасалынып, жыл бойы атқаратын жұмыс түзіледі.

Абай ЕРТИС, Семей

## ҚҰНДЫ МАТЕРИАЛДАР ҚОЛДЫ БОЛҒАН

Қараша айының алғашқы күндері теміржолшылар Отар – Шілбастау аралығында жолдың жоғары құрылымы материалдары: SKL-14 бекітпесі, яғни бұрандалар, бұрышты бағыттауыштар, серпімді клеммалардың ұрланғанын анықтады.

Алдын ала есептеулер бойынша 2745 дана бекітпе қолды болған. Мамандардың айтуынша, бұл жағдай үлкен апатқа, вагондардың рельстен шығып кетуіне әкелуі мүмкін еді. Аталған телімде дереу қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, теміржолшылар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдады. Жөндеу жұмыстарынан кейін жүк пойыздары телімнен сағатына 25 км жылдамдықпен жүріп өтті.

Жыл басынан бері осы телімде жолдағы құнды материалдардың ұрлануы екінші рет тіркеліп отыр. Материалдар құқық қорғау органдарына жіберіліп, қылмыстық іс қозғалды.

Темір жолдың жоғарғы құрылымы материалдарының элементтерін ұрлау үлкен қылмыс болып саналады. Оның салдары жолаушылар мен жүктерді тасымауға қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіріп, апатқа алып келуі әбден мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайлардан кейін ұскаскер жөндеуге жабылып, бұл өз кезегінде тасымалдау жұмыстарының ырағын, пойыздар қозғалысының кестесін бұзады. ҚТЖ басшылығы теміржол телімінде ұрлықты дер кезінде байқап, төтенше жағдайдың алдын алып, қандай да бір апатты болдырмауға мүмкіндік жасаған қызметіне адал қырағы теміржолшыларға алғыс білдіреді.

Ислам ТАЛҒАТ

## Спорт

### МАСТЕРА СТРАТЕГИИ

В Астане прошел чемпионат по шахматам среди ветеранов железной дороги. В нем приняли участие 26 пожилых людей из разных регионов страны.

В общей сложности сразиться в интеллектуальной битве, показав стратегический талант, решились 26 ветеранов-железнодорожников. Предварительные отборочные соревнования состоялись в отделениях ГП. Победители приняли участие в финале. Турнир организован филиалом АО «Казпрофтранс» – «КТЖ – Грузовые перевозки» в лице его председателя Еркема Тулегенова.

По мнению организаторов, шахматы помогают развивать умственные способности и улучшают память. Доказательства не заставили себя долго ждать: участники турнира удивляли интересными игровыми комбинациями, неординарным решением шахматных партий. К слову, самому взрослому участнику турнира – председателю совета ветеранов Семейского отделения грузовых перевозок



Кырыкбаю Альсеитову – 87 лет. По итогам встреч «королем» шахматного турнира стал Жайдархан Курегенов, второе место занял Хаким Аркенов из Караганды и замкнул тройку победителей Аманжол Алимбаев из Кызылорды.

– На железной дороге важно думать и принимать быстрые

решения. А шахматы как раз способствуют развитию мышления. К тому же турнир позволяет поддерживать связь поколений, – уверен Жайдархан Курегенов.

Всех победителей турнира наградили дипломами и ценными призами.

Айлин БАУРЖАН  
Фото Александра ЖАБЧУКА

## ОСАЛЫ ЖОҚ ОЙЫНШЫЛАР

Шу электрмен жабдықтау дистанциясы кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен шағын футболдан турнир өтті. Шу қаласында өткен спорттық жарыстың ерекшелігі – теміржолшылар әр ауылдық округ тұрғындарынан командалар жасақтап, өзара сынға түсті.



– Жарыстың ережесі бойынша дистанция қызметкерлері жергілікті тұрғындардан команда жасақтап, жасыл алаңға шықты. Әр

топта бір өндірістік цех бастығы болуы міндеттелді. Шу электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы және кәсіподақ ұйымының

төрағасы бастаған дистанция басшыларының құрамасы да бақ сынап, өз шеберліктерін көрсетті. Ойыншылардың осалы болмады,

жарыс өте тартысты өтті, – дейді Шу электрмен жабдықтау дистанциясының кәсіподақ төрағасы Айдос Абзалбек.

Жарыс қорытындысында «ЭЧК Қияқты» командасы жеңіске жетіп, бас жүлдені иемденді. Екінші орынды «РЭС Шу» командасы қанжығаларына байлады. Ал үздік үштік дистанция басшыларынан құралған «ЭЧ-22» құрамасы түйіндеді.

Жүлдегер командаларға арнайы Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл  
Суретті түсірген автор

## Вопрос-ответ

В нашей рубрике «Вопрос-ответ» эксперты АО «Казпрофтранс» отвечают на часто возникающие и актуальные вопросы читателей, разъясняют членам профсоюза их права и обязанности.

**?** *Облагается ли индивидуальным подходным налогом (ИПН) материальная помощь, выплаченная профсоюзом родителю или опекуну ребенка, имеющего инвалидность?*

Физические лица с инвалидностью, а также родители (попечители, приемные родители) детей с инвалидностью, лиц, признанных «инвалидом с детства», не освобождаются от уплаты ИПН.

Необходимо отметить, что в случае если материальная помощь сотруднику будет оказана не по основаниям, описанным в подпункте 18) пункта 1 статьи 341 Налогового кодекса РК, то данная выплата также будет считаться доходом работника, облагаемым у источника выплаты, и будет подлежать налогообложению в общеустановленном порядке.

Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛİKKƏSİP

Бас редактор Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61